

орынды байқаған. Мұхтар Әуезов те бұл орайда «...орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген сөздермен қоса дыбыстық ерекшеліктер де бірге келеді. Бұл ерекшеліктердің артикуляциялық даму туғызуына қазіргі күнде конкретті жағдайлар жасалды»-деген үрейін білдіріпті [5,113]. Сол сияқты белгілі ғалым М.Балақаев: «Қазақ тіліне енген жаңа термин сөздермен бірге «ист», «изм» сияқты қосымшалар, кейбір дыбыстар, мысалы ф, х, ц, в, ч, және жаңа буын түрлері енді. Бұрын сөз басында г, р, л, и сөз аяғында в, д, ж, г айтылмайды, екпін тек соңғы буынға түседі дейтін, кезінде дұрыс ережелер де, ертедегі кейбір түркологтардың «өзгерілмейтін темір заңы» дейтін үндестік заңы да өзгеріске ұшырады» - деп тіліміздің жазу арқылы сөйлеуіміздің де орыстанғандығын мысқылдай сөз етіпті[6.54]. Осылайша, бүгінгі сөйлеу тіліміздің бір кездегі кирилл жүйесіне негізделген емле ережелерін жазуға енгізілуінің нәтижесінде қалыптасқан бүгінгі қазақтың дыбыстау органдарында қалыптасқан акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктеріміздің әбден тілімізге сіңісті болып, қазіргі сөйлеу тілін нормаландырып үлгерді.

**Қорытынды.** Дей тұрғанымызбен жазу теориясымен айналысып жүрген ғалымдарымыздың бірқатары орыс тілінің жазу теориясы арқылы келіп қалыптасқан «үнемдеп жазу» ұстанымын әлі де басты қағидаға алу керек деген ойда қалып отыр. Бір қарағанда, ода тұрған не бар деуге де болушы да еді. Алайда, өз тілінің табиғатын жоғалтқан тіл, шеттен келген сөздерді де игере алмай отырғанын қайда қоямыз. Соның салдарынан, бір тілдің табиғатынан екі түрлі (төл сөздерге, кірме сөздерге ) жазу ережесін шығарып отырмыз. Төл сөздерге бөлек, кірме сөздерге бөлек ереже жасау-ол әлі сол басқа тілдің шылауында жүргеніміздің, тәуелсіздігіміздің басты көрінісі екендігін мойындауымыз керек. Емле ережелерімізде кірме сөздердің жазылуына арнайы ережелер ойластырып әлек болып келеміз. Термин сөздерді дұрыс жазудың дауы да шешімін табар емес. Демек, жазу емле ережесін жасауда басты билікті әлі де сол қазақтың жалпақ сөйлеу тіліне беруіміз керек. Кірме сөздерді сөйлеу тілі қалай игереді, сол күйінде жазуға ұмтылғанымыз дұрыс. Яғни, жазудағы басты ұстаным-фонетикалық ұстаным деген 1929 жылғы ережеге қайта оралуымыз қажет. Кірме сөздерді игеріп жазуды ойдан шығаруға болмайды. Кірме сөздерді игеретін тек қана тілдің ішкі табиғаты ғана. Тілдің сол ішкі табиғатына мүмкіндік берейік. Тілімізде сингормонизм қаншалықты әлсірегенімен де, әлі де мүлде жоғалып кеткен жоқ. Шеттілдік сөздерді жазуда әлемдегі барлық тілдер қолданып отырған фонетикалық ұстанымды біз неге шеттетеміз. Олай болса, төл сөз үшін де, кірме сөз үшін де бір ғана емле ережесін жасауымыз керек. Олай етпеген жағдайда, әліпбидегі кирилл таңбаларын шығару арқылы ғана өзге тілдің шылауынан құтылуымыз мүмкін емес.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қалыбаева Қ.С., Сейталиева Қ.О. Латын негізді жаңа қазақ жазуы емле ережесі «қосамжарлықтан» арылды ма...// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдарының» сериясы, №2(68), 2019 ж
- 2 Алдаш А. Қазақ тілі қазіргі жағдайда: қазақ тілін жаңғырту және реформалау/Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы, №2(72), 2020 ж. 15б.
- 3 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013. 242 б.
- 4 Шығармалар мен естеліктер / Жұбанов, Құдайберген, - Алматы : Өнер, 1990. - 208 б.
- 5 Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым академиясының баспасы, 1954 - 160 б
- 6 Балақаев М.. Қазақ тілінің мәдениеті.- Алматы: «Қазақстан», 1971. – 122 б.

*References:*

1. Qalybaeva Q.S., Seitalieva Q.O. Latyn negizdi jańa qazaq jazuy emle erejesi «qosamjarlyqtan» arylды ma...// Abai atyndaǵy QazǰPU-niń Habarşysy, «Filologia ǵylymdarynyń» seriesy, №2(68), 2019 j
2. Aldaş A. Qazaq tili qazırǵı jaǵdaida: qazaq tilin jańǵyrtu jáne reformalau/Abai atyndaǵy QazǰPU-dyń Habarşysy, «Filologia» seriesy, №2(72), 2020 j. 15b.
3. Kúderinova Q. Qazaq jazuynyń tarihy men teoriasy. Oqu qıraly. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2013. 242 b.
4. Şyǵarmalar men estelikter / Júbanov, Qúdaiberǵen, - Almaty : Óner, 1990. - 208 b.
5. Qazırǵı qazaq tili. – Almaty: ǒlym akademiasynyń baspasy, 1954 - 160 b
6. Balaqaeв M.. Qazaq tiliniń mádenieti.- Almaty: «Qazaqstan», 1971. – 122 b.

МРНТИ 16.21.33

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.21>

Койлыбаева Р.,<sup>1</sup>Жунисова М.,<sup>2</sup> Сулеева Г.<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы,  
Алматы, Қазақстан

## КОММУНИКАТИВТІК КОНТЕКСТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ДИСКУРСТА ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ

*Аңдатпа*

Мақалада контекстердің теориялық моделі сипатталған. Дискурсты интерпретациялауда коммуниканттардың мәртебесі мен рөлін, олардың қарым-қатынас ерекшеліктерін, орнын, уақытын, диалог тақырыбын көрсететін оның кең мағынасындағы коммуникативтік контекст маңызды рөл атқарады. Контекстен тыс дискурстың функционалдық сипаттамаларын және коммуникация мақсатын зерттеу мүмкін емес. Контекст - бұл талдау үшін таңдалған бірлікті қамтитын, осы бірлікті анықтау үшін қажет жеткілікті мәтін бөлігі. Сөйлеу әрекетінің апелляциялық емес бөлігі және коммуникативті контекст (макро және микро контексттер) дискурс пен мәлімдемені тұтасымен түсіндіру үшін қажет. Мақалада апелляциялықтар арқылы жүзеге асырылатын коммуникативті функцияның басымдығы отбасылық дискурс апелляциялықтерінің сол немесе басқа түріне жатуына байланысты екендігі анықталды.

**Түйін сөздер:** отбасы дискурсы, контекст, интерпретация, апелляциялық, вокатив

*Koilybayeva R.,<sup>1</sup> Zhunisova M.,<sup>2</sup> Suleyeva G.<sup>3</sup>*

*<sup>1,2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>3</sup> Kurmangazy Kazakh National Conservatory,  
Almaty, Kazakhstan*

## COMMUNICATIVE CONTEXT AND ITS ROLE IN INTERPRETING FAMILY DISCOURSE

*Abstract*

Article describes the theoretical model of the contexts. An important role in the interpretation of discourse plays the communicative context in its broad understanding, indicating the statuses and roles of communicants, the peculiarities of their relationships, place, time, and topic of dialogue. It is not possible to evaluate the purpose of communication, its functional feature without exploring the context of discourse. A context is a piece of text that includes a unit selected for analysis that is necessary and sufficient to determine this unit. The non-appellative part of the speech act and the communicative context (macro and micro contexts) are necessary to interpret the discourse and utterance as a whole. It was determined that the priority of the communicative function performed by the appeal depends on the belonging of the appeal to a particular type of appellants of family discourse.

**Keywords:** family discourse, context, interpretation, appellative, vocative

*Koilybayeva R.,<sup>1</sup> Zhunisova M.,<sup>2</sup> Suleyeva G.<sup>3</sup>*

*<sup>1,2</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казакстан*

*<sup>3</sup> Казахская Национальная консерватория им. Курмангазы,  
Алматы, Казакстан*

## КОММУНИКАТИВНЫЙ КОНТЕКСТ И ЕГО РОЛЬ В ИНТЕРПРЕТАЦИИ СЕМЕЙНОГО ДИСКУРСА

*Аннотация*

В статье описывается теоретическая модель контекстов. Важную роль в интерпретации дискурса играет коммуникативный контекст в его широком понимании, указывающий на статусы и роли коммуникантов, особенности их взаимоотношений, место, время, тему диалога. Вне контекста исследовать дискурс, его функциональные особенности, оценить цель коммуникации не представляется возможным. Контекст - это фрагмент текста, включающий избранную для анализа единицу, необходимый и достаточный для определения этой единицы. Неаппеллятивная часть речевого акта и коммуникативный контекст (макро и микро контексты) являются необходимыми для интерпретации дискурса и высказывания в целом. Было определено, что приоритетность выполняемой обращением коммуникативной функции зависит от принадлежности обращения к тому или иному виду апеллятивов семейного дискурса.

**Ключевые слова:** семейный дискурс, контекст, интерпретация, апелляциялық, вокатив

**Кіріспе.** Замауауи когнитивтік-дискурсивтік лингвистикалық парадигманың зерттеу үлгісі бойынша дискурсты танымдық және коммуникативтік тұрғыда қарастыруды басшылыққа алады.

Дискурс-когнитивтік және коммуникативтік факторлардың бір-бірімен тығыз байланысы ретінде қарастырылып, дискурстық жағдаят кезіндегі субъектінің ниеті және қарым-қатынас кезіндегі жағдаятты түсіну негізделген білімдері жинақтау, алынған ақпаратты интерпретациялау және жинақтау процесі мен нәтижесі болып табылады. Дискурс-айтылған ойды түсінуге қажетті мәтін және контекстен тұратын күрделі коммуникативті құбылыс. Контекст - бұл элем туралы экстралингвистикалық білім, адресаттың пікірі, мақсаты, қарым-қатынасы мен коммуниканттардың қарым-қатынасы. Сөйлеудің мәнмәтіні (речевой контекст) ең алдымен мәтін лингвистикасында қолданылады, және конверсиялық талдауда, сонымен қатар дискурстық талдауда қолданылады.

Г. Парре сөйлеу мәнмәтінің бес теориялық моделін анықтады:

1. *Экзистенциалды контекст* – объектінің қарым-қатынас барысындағы көңіл-күйін, ішкі әлемін білдіреді.

2. *Жағдайлық контекст* – социологиялық, кейде этнографиялық және антропологиялық бағытта қалыптасатын, лингвистикалық және басқа белгінің мағынасын ішінара анықтайтын факторлар жиынтығынан тұратын прагматиканың кең әлеуметтік-мәдени бағыты. Жағдайлар контекст ретінде әлеуметтік-мәдени детерминанттардан тұратын ауқымды түрі болып табылады, олардың ішінде: қызмет түрі, субъект байланысы, формальдылық немесе формальдылық деңгейі, мәртебе мен рөлдік қатынастар, байланыс орны және қоршаған орта, әлеуметтік-мәдени орта және т.б.

3. *Әрекеттік контекст* – қарым-қатынас барысына байланысты сөйлеу жағдайының өзгеруі.

4. *Психологиялық контекст* прагматикада бірқатар қабылдау арқылы алдын-ала анықталған психикалық және когнитивтік категорияларды қамтиды, соған сәйкес барлық сөйлеу актілері сөйлеушінің интенциясымен әрекеттеседі. Сөйлеушілердің интенциялары (ниет), сенімдері мен тілектері қарым-қатынас барысына жауапты психологиялық және когнитивті реттеушілер ретінде қарастырылады.

5. *Феноменальды контекст* – оның барлық қатысушылары үшін қол жетімді қатынас пен іс-әрекеттің онтологиялық құрылымын көрсететін контекстің орталық семантикалық бөлігі [1, 94-98 б].

**Әдістеме.** Дискурстың негізгі ерекшелігі нақты бір жағдаятқа сәйкес қарым-қатынасқа түсушілердің бірінің бірі ойын толықтырып тұруы, сонымен қатар сөйлеушінің тыңдаушыға коммуникативтік актілер нәтижесінде әсер ете алуы. Қарым-қатынасқа түсушілер дискурстық контексті нақты берілген тілдік бірліктер арқылы ғана түсіне алады. Сондай-ақ коммуниканттардың қарым-қатынас барысындағы прагматикалық контексті дұрыс ұғына алғанда ғана дискурс орын алады деп айтуға болады. Дискурс екіжақты құбылыс ретінде қарастырылады: бір жағынан «тысқары» байланыс ретінде, сыртқы контекст (жағдай, қызмет түрі, мәдени және антропологиялық факторлар), ал екінші жағынан-«ішкі», ішкі контекст (қарым-қатынасқа түсуші тұлғалардың менталды жағдайы).

Т.С. Галич өз жұмысында дискурста төмендегідей когнитивтік-коммуникативтік сипаттама береді:

- дискурстың коммуниканттардың білімі мен танымдық қабілеттерімен байланысы (*менталдылық*);
- дискурстың контекстің ішкі, сыртқы, жалпы (ағымдағы) түрлерімен байланысы (*контекстуалдылық*);
- білімнің дискурста жүйелі түрде ұйымдастырылып репрезентациялануы (*жүйелілік*) [2].

Дискурстың *менталдылық* сипатына оның қарым-қатынасқа түсушілердің менталдық аймағына жақындығымен түсіндіріледі, яғни дискурстық қатынас кезінде іске қосылатын және алынған ақпаратты интерпретациялауда көмегін тигізетін коммуниканттардың когнитивтік механизмдерінің болуымен, яғни танымдық түсініктің болуымен түсіндіріледі. Дискурс менталдылықты құрайтын бірнеше құрамдас бөліктермен тығыз байланыста болады. Бұл құрамдас бөліктерге адамның танымдық қабілеттері (ес, зейін, сана және т. б.), когнитивті процестер мен механизмі, білім деңгейінің концептуалдық құрылымы (концептілер, фреймдер, сценарийлер және т. б.) жатады.

Дискурстың негізінде білімді реттеуші, ақпаратпен жұмыс сияқты танымның жалпы түсініктері жатыр.

Дискурс қарым-қатынасқа түсушілердің ойланып, бағалайтын, сонымен қатар таным процесінің қиын, иерархиялық ұйымдастырылған нәтижесі ретінде талданатын күнделікті тәжірибе негізінде көрінетін ақпаратпен қызметі ретінде танылады [3].

Дискурстың *жүйелілік* сипаты білімді ұйымдастырудың ерекше форматы ретінде түсіндіріледі. Дискурс коммуниканттардың ішкі және сыртқы әлемімен байланысты жағдаят болғандықтан, оның құрылымында білімді репрезентациялаудың *ішкі* және *сыртқы* сияқты екі деңгейі бейнеленген. Дискурстың ішкі деңгейі коммуниканттардың білімінің барлық көлемімен анықталса, ал дискурстың сыртқы деңгейі өз кезегінде нақты бір жағдаятқа байланысты қарым-қатынас кезінде іске асуымен және көрінуімен айқындалады.

Ал енді дискурстың *контекстуалдылық* сипаты дегеніміз не? Дискурстың контекстуалдылық сипаты оның ішкі, сыртқы және жалпы контексттермен байланысымен анықталады. Дискурсты құрастырудың негізі осы контекст түрлерінің байланысынан көрініс табады. Дәлірек айтатын болсақ, дискурстың туындауына және дұрыс қабылдануына осы контекстер септігін тигізеді. Ішкі контекст коммуниканттардың білімінің толық көлемін қамтиды. Сыртқы контекст дискурстың туындауына және қабылдануына негіз болатын экстралингвистикалық факторларды қамтиды. Жалпы контекст-дегеніміз қарым-қатынасқа түсушілердің өзара сөйлесу әрекеті. Ол нақты жағдайларға бағытталады.

Ішкі контекстің құрылымы әр түрлі болып келеді. Ол коммуниканттың қоршаған әлеммен байланысқа түсу тәжірибесіне негізделеді. Ішкі контекстің құрылымына қарым-қатынасқа түсушілердің білімі ғана емес, сондай ақ дискурс кезіндегі көздеген мақсаттарының орындалуына негізделген факторларда кіреді.

Бұл ең алдымен: -білім, сенім;

- қажеттілік, ниет, қалауы;

- айналасына деген қарым-қатынас;

- сезім және эмоциялар [4, 13].

Дискурстың сыртқы контекстіне дискурстың экстралингвистикалық факторлардың, яғни тілден тыс факторлардың жағдаят, мәдени және антропологиялық факторлардың әсерін жатқызамыз. Осы контекстің түрін сыртқы мән-жайлардың өзара әрекеттесуімен түсіндіру орынды [5].

Біз өз тарапымыздан, дискурстың сыртқы контекстіне дискурста түсу кезіндегі әлеуметтік факторлардың, орынның, уақыттың, қатысушылардың дискурс кезіндегі өзіндік рөлінің әсерін де жатқызар едік.

Дискурстың жалпы контексті дегеніміз - коммуниканттар арасындағы ортақ әлемнің құрылуы, өзара әрекеттесу жағдайында дискурстың ортақ нәрсеге икемделуі деп түсіндіреміз.

Дискурс сонымен қатар белгілі бір уақыттық, кеңістіктік және басқа контекстегі коммуникативті іс-әрекет процесінде сөйлеуші мен тыңдаушы арасында болатын коммуникативті оқиға ретінде анықталады [6,4].

**Нәтижелер.** Сонымен, лингвистикада коммуникативті іс-әрекет ретінде түсінілген дискурс тілдік құралдар мен экстралингвистикалық факторлардың ерекше жиынтығымен сипатталады. Бұл жерде біз дискурстың қалыптасуы немесе пайда болу ортасын экстралингвистикалық факторға жатқызатын болсақ, ал осы жағдайда туындайтын коммуникативті оқиға дискурс болып табылады.

Яғни, осылайша, дискурсты «мәтінді» құру процесі ретінде түсіндіретін болсақ, яғни түзілген мәтінді өз кезегінде дискурстың нәтижесі деп қарастырғанымыз жөн. Дискурс - бұл мәтінді құру процесі, яғни сөйлеуге байланысты ұғым болғандықтан, мәтін дискурстың (коммуникативтік іс-әрекет) нәтижесі, тілдік жүйеге және коммуникативтік құзыреттілікке қатысты ұғым болып табылады.

И.Б. Руберт, дискурстың басты контекстін «фреймдер» (типтік жағдайлар) немесе «сценарийлер» (жағдаяттарды дамытуға бағытталған) түрінде модельдеуді басты позиция ретінде ұстанады. Фреймдер мен сценарийлерді дамыту дискурс теориясының маңызды бөлігі. Дискурстың екінші жағы қарым-қатынасқа қатысушылардың психикалық процестеріне бағытталған: белгілі бір жағдайларда сөйлеуді қалыптастыру мен түсінуге арналған этнографиялық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени ережелер болып табылады [7].

Т.А. Ван Дейк дискурс туралы білімді прагматикалық тұрғыдан модельдеуге дәйекті түрде кіріскен ғалымның бірі. Автор жалпы және ерекше прагматикалық контекстерді бөліп көрсетеді. Жалпы прагматикалық контекст шеңбері жоғары деңгей категорияларында сипатталады (жеке, қоғамдық, институционалды, бейресми). Бұған жалпы мәдени білімдердің, әлеуметтік және топтық конфигурациялардың көріністері де кіреді. Қарым-қатынасқа қатысушылардың сәйкес сипаттамаларын қолдана отырып, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің жеке модельдері сипатталады, оларға мыналар жатады: позициялар, рөлдер, мәртебелер, қасиеттер (жынысы, жасы және т.б.), қатынастар (басымдылық, билік, теңдік), функциялар (уақыттық позициялық сипаттамалар) [8].

Дискурсты интерпретациялауда коммуниканттардың мәртебесі мен рөлдерін, олардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктерін, орнын, уақытын және диалог тақырыбын көрсетуде коммуникативтік контекст маңызды рөл атқарады. Дискурсты контекстен тыс қарастырған жағдайда, оның функционалдық ерекшеліктерін айқындау, иллюкутивті күшін бағалау және перлокутивті әсерін есепке алу мүмкін емес. Контекст - бұл талдау үшін таңдалған бірлікті қамтитын, осы бірлікті анықтау үшін қажет және жеткілікті мәтін бөлігі.

Е.Ю. Мошанская өз еңбегінде сөйлеу мағынасын жаһандық коммуникативтік контекстпен қалыптасатынын жаза отырып, ол, өз ішінде келесідей компоненттерден тұратынын айтады:

- 1) коммуникация актісімен жағдаяттың бірегейлігі «ғаламдық контекст»;
- 2) сөйлем және оны құрастырушылар (нақты жағдайға бағытталған берілген сөздер мен іс-қимылдар) «айқын контекст»;
- 3) айтылған немесе жазылған мәтін, таза тілдік құбылыс «ауызша немесе дискурсивті контекст» [9, 30].

Біз өз тарапымыздан жоғарыда көрсетілген контекст түрлерінің үшінші түрі, яғни ауызша немесе дискурсивті контекст түрін қарастыратын боламыз.

Отбасы дискурсы кезінде контексттің екі түрі кездеседі. Ол жоғарыда көрсетілген макроконтекст және микроконтекст.

Жалпы контекст деген сөз мәнмәтін деп беріліп жүргені анық. *Макроконтекст* - сөйлем аясынан тыс берілген бірліктің тілдік ортасы. Макроконтексттің нақты шеңберін көрсету мүмкін емес - ол сөйлемдер тобының, абзацтың, тараудың немесе тұтастай алғанда бүкіл шығарманың мәнмәтіні болуы мүмкін. *Микроконтекст*-әдетте сөз тіркесінің немесе сөйлемнің мәнмәтінін білдіреді [10, 168].

**Талқылау.** Дискурста қаратпа сөздер немесе атаулы сөйлемдер де дискурстың микроконтексті бола алады. Дискурс кезіндегі айтылған қаратпа сөз немесе атау өзінің қызметін жүзеге асыратын сөйлеудің минималды бөлігі болып табылады. Сөйлеу кезінде автордың сөзінсіз апеллятив жеке сөйлеу әрекеті ретінде оқшауланып қолданылған жағдайда да микроконтекст орын алады. Бұл қаратпа сөздің өзіне тән функциялардың кем дегенде біреуін орындайтындығына байланысты, мысалы, ауызша сөйлеу кезінде интонацияның жоғарылауымен көрінетін және жазуда леп белгісімен белгіленетін вокативті қызметімен байланысты болып келеді.

Сөйлеудің *апеллятивті қызметі* дегеніміз - (ақпарат алушының) яғни адресаттың (ақпаратты берушіге) адресантқа адресат ретінде қол жетімді екендігіне негізделген, демек, бұл адресатпен кері байланыс мүмкіндігі бар екендігін білдіреді, сондай ақ бұл адресанттың оның адресатының фондық білімін ескеруді қажет етеді [11, 163].

Ал сөйлеудің *вокативті қызметі* дегеніміз-адресаттың назарын аудару үшін қолданылатын есімдердің қызметі [12, 236].

Мысалы: *-Мама, маматай .....* Бердібек Соқбақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен алынған үзіндіден, Мен ендігі жерде осы ісімді қайталамаймын, бұзықтық жасамаймын деген сөйлемдердің мағынасын ерекше аянышты интонациямен айтылған *-Мама, маматай ...* деген қаратпа сөздермен ақ білдіріп тұр. Бұл жердегі *-маматай...* деген қаратпа сөз жоғарыда аталған компоненттерімен бірге айрықша интонация арқылы сөйлем деңгейіне көтеріліп, сөйлем мазмұнына ие болып тұр. Бұл жағдайда микромәтін сөйлеу актісінде қысқартылған қосымшасы бар қысқа атау түріндегі белгілі бір адамға бағытталған деп айтуға мүмкіндік береді. Бұл жердегі сөйлеудің иллюкутивті актісі екі мақсатты көздейді: бірінші мақсат адресаттың назарын аудару және оған деген оң көзқарасты білдіру, ал екінші

мақсат- адресаттан кешірім сұрау болып отыр. Алайда макроконтекстен хабарымыз болмағандықтан, бұл дискурстың нақты мазмұнын біле алмаймыз.

Дискурстың макроконтекстің дискурс кезіндегі мәтіннің толық мазмұнын ашатын сөйлемдермен берілуімен байланыстырамыз. Мысалы: *-Мама, мама мен енді қоямын. Осы ауылдағы ең жуас, ең үлгілі баланың бірі боламын! Ант етемін!* (Бердібек Соқбақбаев, «Менің атым Қожа»)-деген мысалдардан біріншіден біз отбасылық дискурс орын алғанын аңғаруымызға болады және бұл анасы мен баласының арасындағы дискурс болып табылады, ал екіншіден дәл осы отбасылық дискурстың макроконтексті- баласының қандай да бір дұрыс емес іс-әрекет жасағанын немесе анасының алдында кінәлі іс жасағанын айқындайды. Бұл мысалдағы макроконтекст дискурс кезінде үшінші жақтың жоқтығын анық көрсетеді, сондықтан да бұл дискурс барысында сөйлеудің аппелятивтік қызметі де орын алғанын айтуға болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, дискурс барысындағы микроконтекстке қарап, адресанттың негізгі иллокутивті мақсаты-өзінің қателескенін адресатқа мойындап, кешірім сұрау болып тұр, бұл мысалдағы адресат Қожаның анасы. Ал енді келесі мысалдан: *Ешқашанда сені мұндай болады деп ойлаған жоқ едім, күннен күнге бұзақы, сотқар болып барасың, бүйте берсең жүрген жеріңе шөп шықпайды, не істерімді білмеймін Қожа...!!! Мүмкін, саған оқудың қажеті жоқ болар*, отбасылық дискурстың толық макроконтекстің көре аламыз. Осы алынған мысалдағы аппелятив: *«бүйте берсең жүрген жеріңе шөп шықпайды»*, лингвоаксиологиялық бірлік болып табылады, себебі *«жүрген жеріне шөп шықпау»*-жолы болмау, ісі өрге баспау деген мағынада қолданылатын бірлік біздің ұлтымызға тән, ұлттық құндылығымызды сипаттайтын қолданыс.

Коммуникативтік контекстік талдау арқылы, отбасылық дискурс барысындағы коммуниканттар үшін норма емес аппелятивтерді қолдану жағдайларын да байқауға болады, мысалы: *- Мұндай әумесер жиенді несіне тудың, әпке?* [13, 76]. Бұл мысалдағы *әумесер жиен* деген қолданыстың өзі тілдік нормадан ауытқып отырғанын, яғни әдетте қазақ отбасында жиеннің нағашы үшін орны ерекше болуымен түсіндіреміз. Берілген коммуникативтік контекстегі *әумесер жиен* деген қолданысты, жиенінің алаңғасарлығы, не болса соған ұрынып жүретіндігі деп интерпретациялауға болады. Жоғарыда берілген мысалдан адресанттың яғни жиенінің нағашысының алдындағы мәртебесіне қатысты ирониялық қатынасты көруге болады.

Сөйлеу үрдісінде орын алатын тілдік тұлғааралық қарым-қатынас контекстерінің санатында оған қатысушы коммуниканттардың көңіл күйлері мен сезімдерін саралайтын психологиялық контексте қарастырылады [14,16]. Яғни, қарым-қатынас барысында сөйлеушінің сөйлеген сөзі мен тыңдаушының сол айтылған сөзді интерпретациялауына олардың психологиялық жағдайы әсер етеді екен. Көп жағдайда ол психологиялық сөйлеу үрдісінің экспрессивтік қызметінен анық байқалады.

Сөйлеудің экспрессивтік қызметі- әралуан хабарлар мен жай-жапсарлардың мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнмен, дауыс ырғағымен адамның жан дүниесін тебірентіп, өзгелерге жеткізу тәсілі. Экспрессивтік сөйлеуде әрбір сөз бен сөйлем адамның сезіміне әсер етеді [15,52]. Отбасылық дискурста сөйлеу актілерінің экспрессивтік қызметі көбінесе адресанттың адресатқа бағыттаған психикалық көңіл-күйін білдіру мақсатында қолданылатын алғыс айту немесе қарғау сияқты мәнде жұмсалған коммуникациялық контекстерден анық байқай аламыз. Мысалы, *-Артымда кім қалды дер болсам, тиянақ-сүйенішім жоқ емес. Жолы менің жолымнан басқа болса да, сенің балаң тірегім! Алдынан жарылғасын. Енді өз дегенін етіп-ақ көрсін. Тарпаң ақыл айтып, шаужайламаңдар!*-деген болатын [16, 11]. Жоғарыда келтірілген мысалдағы: *Жолы менің жолымнан басқа болса да, сенің балаң тірегім!* - деген жолдардан адресанттың көңіл-күйінің жақсы екенін, баласына деген ризашылығын көрсетіп, марқайып тұрған сәтіндегі психологиялық жағдайының тіл арқылы берілгенін, сөйлемдердегі контекстерден анық көре аламыз.

**Қорытынды.** Дискурста интерпретацияның мақсаты- үйлесімділікті орнату немесе тыңдаушы мен сөйлеушінің ішкі әлемі арасындағы бұрыннан қалыптасқан үйлесімді байланысты қолдау. Отбасылық дискурс нәтижесіндегі коммуникативтік контексті интерпретациялау арқылы ғана адресат адресанттың сөйлеу интенциясы мен мақсатын түсіне алады. Осылайша, дискурстағы коммуникативтік контекст дискурс барысындағы мәтінді егжей-тегжейлі түсіндіруге, иллокутивті мақсатты анықтауға, сөйлеу ниетін тануға, әңгімелесуге қатысатын коммуниканттар мен үшінші тұлғалар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сондықтан отбасылық дискурстың әртүрлі формаларын контекстік талдау әдісі аясында қарастыру отбасылық дискурсты интерпретациялауға қажет болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Parret H. *Semiotics and Pragmatics: An Evaluative Comparison of Conceptual Frameworks* / H. Parret. – Amsterdam; Philadelphia, 1983.
- 2 Галич Т.С. *Контекстуальное взаимодействие в дискурсе. Вестник Кемеровского государственного университета* 2015 № 4 (64), 188-192с.
- 3 Магировская О. В. *Когнитивные характеристики дискурса // Когнитивные исследования языка. Вып. XVIII. Язык, познание, культура: методология когнитивных исследований. 2014. С. 639 – 641.*
- 4 Dijk T. A. *Discourse, context and cognition // Discourse studies. Sage publications. 2006. P. 159 – 177.*
- 5 Кибрик А. А. *Анализ дискурса в когнитивной перспективе: дис ... д-ра филол. наук. М., 2003. 90 с.*
- 6 Teun van Dijk *Discursive analyzes of news/ A Handbook of qualitative methodologies for mass media research/Edited by K.Bruhn Jensen, London: Longman, 1999. vol. 5. p.32-37.*
- 7 Руберт И.Б. *Текст и дискурс: к определению понятий//Текст и дискурс. Проблемы экономического дискурса. СПб: Изд-во СПб гос.унив.экономики и финансов, 2001.-С.23-38.*
- 8 Teun A.van Dijk *Elite Discourse and Racism. London: SAGE Publications, 1985. vol. 6.*

9 Моцанская Е.Ю. Роль невербального контекста в восприятии и понимании устного дискурса // Вестник Пермского национального исследовательского политехнического университета. Проблемы языкознания и педагогики. 2014. № 1 (9). С. 29–36.

10 Бархударов Л. С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). М., «Международ. отношения». 1975. 240 с.

11 Stankiewicz E. Linguistics, poetics, and the literary genres // New directions in linguistics and semiotics. – A.: Benjamins, 1984. P.155-178.

12 Lyons J. Semantics. – Cambr. etc.: Cambr. UP, 1977.

13 Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы: Өнер, 2008. – 248 б.

14 Вербердер Р., Вербердер К. Психология общения. - СПб.:прайм-ЕВРОЗНАК, 2003. 320с.

15 Мейірбеков А.Қ. Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту. фил.док.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Түркістан. 2018-162б.

16 Мұхтар Әуезов. Абай жолы роман-эпопеясы, Алматы.Жазушы-2004, 1-ші кітап, 365 б.

#### References:

1. Parret H. Semiotics and Pragmatics: An Evaluative Comparison of Conceptual Frameworks / N. Parret. – Amsterdam; Philadelphia, 1983.

2. Galich T.S. Kontekstuálne vzaimodejstvie v diskurse. Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta 2015 № 4 (64) ,188-192s.

3. Magirovskaia O. V. Kognitivnye karakteristiki diskursa // Kognitivnye issledovaniia iazyka. Vyp. XVIII. Īazyk, poznanie, kultura: metodologiya kognitivnyh issledovani. 2014. S. 639 – 641.

4. Dijk T. A. Discourse, context and cognition // Discourse studies. Sage publications. 2006. P. 159 – 177.

5. Kibrik A. A. Analiz diskursa v kognitivnoi perspektive: dis ... d-ra filol. nauk. M., 2003. 90 s.

6. Teun van Dijk Discursive analyzes of news/ A Handbook of qualitative methodologies for mass media research/Edited by K.Bruhn Jensen, London:Longman,1999.vol. 5. p.32-37.

7. Rubert Ī.B. Teks i diskurs: k opredeleniu ponāti//Teks i diskurs.Problemy ekonomicheskogo diskursa.SPb: Īzd-vo SPb gos.univ.ekonomiki i finansov,2001.-S.23-38.

8. Teun A.van Dijk Elite Discourse and Racism. London: SAGE Publications, 1985. vol. 6.

9. Мошанская Е.Ю. Рөл neverbálního konteksta v vospriatii i ponimanii ustnogo diskursa // Vestnik Permskogo nasyonálního issledovatel'skogo politehnicheskogo universiteta. Problemy iazykoznanii i pedagogiki. 2014. № 1 (9). S. 29–36.

10. Barhudarov L. S. Īazyk i perevod (Voprosy obŕsei i chastnoi teorii perevoda).M., «Mejdunar. otnoŕenia». 1975. 240 s.

11. Stankiewicz E. Linguistics, poetics, and the literary genres // New directions in linguistics and semiotics. – A.: Benjamins, 1984. P.155-178.

12. Lyons J. Semantics. – Cambr. etc.: Cambr. UP, 1977.

13. Б.Момышұлы. Ұшқан ұя. Алматы: Өнер, 2008. – 248 б.

14. Verberder R., Verberder K. Psihologia obŕenia. - SPb.:praim-EVROZNAK, 2003. 320s.

15. Meirbekov A.Q. Qazaq tılndegı qalau, tulek mändı söileu aktısın qatısymdyq tūrğydan oqytu. fil.dok.därejesın alu üŕın daiyndalğın disertasia, Türkıstan. 2018-162b.

16. Mũhtar Äuezov. Abai joly roman-epopeiasy, Almaty.Jazuŕy-2004, 1-ŕı kitap, 365 b.

МРНТИ 16.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.22>

Косымова Г.С.,<sup>1</sup> Балхимбекова П. Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
Нур-Сұлтан, Казахстан

## ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ПРИРОДА МЕНТАЛЬНОСТИ

### Аннотация

Понимание лингвокультуры как словесно-художественной формы деятельности в единстве таких её категориальных признаков, как эстетико-символическая энергетика языковых знаков, ненаследственность информации и репрезентативность духовных ценностей народа, позволяет выявить две важные закономерности. В ходе речемыслительной деятельности под воздействием этнокультурной ментальности формируется